

МЕМЛЕКЕТТІК "ОРЫНДАУШЫЛАР АКАДЕМИЯСЫ" КАМЕРАЛЫҚ ОРКЕСТРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 21 сәуір
1994 ж. N 412

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің 1994 жылдың 1 қаңтарынан Мемлекеттік "Орындаушылар академиясы" камералық оркестрін ұйымдастыру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік "Орындаушылар академиясы" камералық оркестрін қаржыландырудың мүмкіндіктерін қарастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Мемлекеттік "Орындаушылар академиясы" камералық оркестрін ұйымдастыруға байланысты мәселелерді шешіп, қажетті аспаптармен және материалдық базамен қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі